

Акишева Дана Мұратбекқызының «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған «Жаңғырту жағдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» диссертациясына рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Жаңғырту жағдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы аймактарын әлеуметтік – экономикалық дамыту бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес жазылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағытына, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустримальық-инновациялық даму тұжырымдамасына, Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасына және басқа да бірқатар бағдарламаларғы сәйкес орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u></p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысты орындау барысында алған негізгі нәтижелері диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындайды. Оған докторант ұсынған «депрессивті аудан» жайлы авторлық анықтама, Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі, облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторларын жүйелеуі, Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді камтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстарын жатқызуға болады. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері жалпы</p>

		<p>саны 12 ғылыми мақалаларда жарияланды. Оның ішінде 1 мақала Скопус акпараттық базасында, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен журналдарда 4 мақала, Ресей жоғары аттестациялық Комиссиясы бекіткен журналдарда 2 мақала және 5 мақала халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды. Сонымен қатар, диссертацияның ғылыми маңыздылығы бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамамен қатысу арқылы дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері «Alikhan Bokeikhan University» Білім мекемесі «Бизнес және басқару» кафедрасының ғылыми – әдістемелік семинарларында қаралды. Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінде және Семей қаласының экономика және қаржы бөлімінде қолданылған және енгізу актілерімен расталған. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» KeAK «Экономика және қаржы» кафедрасының оқу үрдісіне енгізілді.</p> <p>Жұмыстың негізгі ережелері соңғы 5 жылдағы ресми сандық деректермен расталды.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған <p>Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу қағидасы толық сакталған. Оны диссертациялық жұмыстың барлық үш бөліміндегі жүргізілген зерттеу жұмыстарынан байқауға болады. Мәселен, теориялық бөлімде докторант мазмұны жағынан терен библиографиялық ізденістер жүргізіп, алыс және жақын шетел, қазақстандық авторлардың еңбектеріне шолу жасаған. Депрессивті аймақтарды дамыту бойынша шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеп, Қазақстанда қолдану мүмкіншіліктерін дәлелдеген. Сонымен қатар аймақты инновациялық дамыту әдістемесін де жасаған. Диссертациялық жұмыстың талдау және корытынды бөлімдерінде статистикалық мәліметтерді, бағалау көрсеткіштері мен әдістемесін қолдануды өз бетінше жүзеге асырғандығы байқалады. Аймақтың</p>

			ерекшеліктерін ескере отырып, қорытындылар жасау және дамыту бойынша ұсыныстар беруде де өзі жазу қағидасы сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген, себебі соңғы жылдары КР өнірлерінде жаңғырту жағдайында инновациялық дамуды белсендіру құралдары мен тетіктерінің спектрін жетілдіру бойынша айтарлықтай белсенді жұмыс жүргізілуде. Өнірлік нарықтағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі инновациялық қызметті белсендіруге, өнімдер мен технологиялардың техникалық-экономикалық сипаттамаларына қосымша талаптар қоюға және кәсіпорындардағы субъектілерді инновацияларды белсенді қолдануға, инновациялық дамуды басқарудың жаңа әдістері мен тәсілдерін жасауға мәжбүр етуі керек. Мемлекеттік өнірлік экономикалық саясатты трансформациялау Шығыс Қазақстан облысының аудандарына, әсіресе депрессивті аудандарына қатысты ерекше дәрежеде кажет, себебі бұл осы зерттеуді бастап, оның қазіргі жағдайдағы өзектілігін анықтайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды және құрылымдық тұрғыдан дұрыс құрастырылғаны көрінеді. Жалпы жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттерден, қосымшалардан тұрады. Жұмыстың тақырыбы логикалық ретпен ашылады. Жұмыстың кіріспесінде автор тақырыптың өзектілігі, ғылыми даму дәрежесі, мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні мен объектісі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің маңыздылығы мен апробациясын ұсынған.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Бұл мақсат және міндеттерінің шешімі диссертацияның әрбір бөлімінде теориялық және тәжірибелі зерттеудің нәтижелері арқылы көрсетілген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінің логикалық байланысы бар. Себебі, әрбір бөлім алдыңғы

		<p>1) <u>тольық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>бөлімде жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен тольық байланысады. Мәселен, депрессивті аудандардың теориялық аспектілеріне сүйене отырып, депрессивті аудандардың инновациялық даму белсенділігін қамтамасыз ету және бағалау әдістемесі жасалған. Бұл әдістемеге сәйкес келесі бөлімде талдау жүргізілген. Алынған нәтижелерге негізделе отырып, қорытындылар жасалған. Сондықтан диссертациялық жұмысты логикалық біртұастығы сақталған ғылыми еңбек деп атауға толық негіз бар.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Жаңғырту жағдайында депрессивті аудандардың инновациялық дамуын белсендіру бойынша қорытындылар, шешімдер мен нәтижелер индуктивтік әдіс арқылы сынни талдау тұрғысынан орындалған. Докторант тақырып бойынша өзге авторлардың бұрын жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, өз тұжырымдарын келтірген. Автор өзі ұсынған жаңа нәтижелерді ғылыми тұрғыда дәлелдейген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Мазмұны анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттерден тұратын диссертациялық жұмыс «Дәрежелер беру қагидаларының» 2,5,6 тармағына толығымен сәйкес келеді және онда төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:</p> <p>1-нәтиже - проблемалық аймақтардагы өнеркәсіптік кешендерді дамытудың инновациялық әдістерін қолданудағы шет мемлекеттердің тәжірибесі егжеттегжейлі талданыш, жалпыланды. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>2-нәтиже - «депрессивті аудан» ұғымының авторлық түсінкітемесі жасалды. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады, себебі артта қалған аймақтар бойынша өзге авторлардың анықтамаларына сүйене отырып әзірленген.</p> <p>3-нәтиже- Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі әзірленді және сынектан өтті. Бұл нәтиже жартылай жаңа болып табылады.</p>

		<p>4-нәтиже - облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторлары жүйеленді Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>5-нәтиже - Шығыс Қазақстан облысының аудандары әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму деңгейі бойынша жіктелді. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p> <p>6-нәтиже - Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді қамтамасыз ету бойынша нақты ұсныстар әзірленді. Бұл нәтиже жаңа нәтиже болып табылады.</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, қорытындылардың жаңалық дәрежесін жеткілікті деңгейде жоғары деп бағалауға болады. Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың ғылыми жаңалығы алынған нәтижелердің шешімдермен байланысын айқындаушы болып табылады. Диссертациялық жұмыстың корытындылары мен ұсныстарының теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары деп есептеймін.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады) 	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері жаңа болып табылады және ғылыми негізделген деп есептеймін. Жаңғыру жағдайында ШҚО депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіру бойынша шешімдердің маңызы жоғары және практикалық мәнге ие болып табылады.</p>	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/ негізделмеген</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары ғылыми негізделген деректерге сүйене отырып әзірленген. Шетелдік тәжірибелі қолдану аясы зерттелген. Ғылымның жаһандануы қағидаттарына сәйкес тек қазақстандық емес, шетелдік авторлардың нөлдік емес импакт факторлы журналдарындағы ғылыми мақалалары мен өзге де енбектеріне сілтемелер жасалған. Сонымен қатар, нәтижелер статистикалық деректерді өндөу және оларды бағалау әдістері арқылы негізделген.</p>

7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жоқ</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	<p>Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Проблемалық аймақтардағы өнеркәсіптік кешендерді дамытудың инновациялық әдістерін қолданудағы шет мемлекеттердің тәжірибесі егжей-тегжейлі талданды және жалпыланды. 2. «Депрессивті аудан» ұғымының авторлық түсінікtemесі жасалды. 3. Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдіstemесі әзірленді және сынаптан өткізілді. 4. Облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторлары жүйеленді. 5. Шығыс Қазақстан облысының аудандары әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму деңгейі бойынша жіктелді. 6. Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді камтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар әзірленді. <p>7.1 Қағидаттар дәлелденген</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіstemенің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	<p>Докторант диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығын қолданған. Оның ішінде: библиографиялық әдісті, статистикалық талдау және экономикалық-модельдеу әдістерін, ғылыми абстракциялау және дедукциялық әдістерді қолданған. Бұл әдіstemelerдің барлығы диссертацияның орындалуы барысында толық қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдіstemelerін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялару әдістерін пайдалана отырып алынған. Аймақ экономикасының инновациялық дамунаға факторлардың әсерін бағалаудың ұсынылып отырған</p>


		1) <u>и я</u> ; 2) жок	әдістемесін қолдана отырып, зерттеудің ақпараттық базасы қалыптастырылған. Ізденуші зерттеу жұмысында заманауи бағдарламаларды пайдалана отырып облыс аудандарының депрессивтілігін бағалау бойынша модельдер күрастырган.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) <u>и я</u> ; 2) жок	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесі Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінде және Семей қаласының экономика және қаржы белімінде эксперименттік зерттеу ретінде енгізілді. Енгізу актісінде көрсетілгендей, зерттеу жұмысының нәтижелері депрессивті аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізу туралы болжамдар бар.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ <u>ішінara</u> расталған/ расталмаған	Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдістемелік тұжырымдар бағалау нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдамаларымен қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті деп санаймын.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>и я</u> ; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. «Депрессивті аудан» ұғымы авторлық тұргыдан қарастырылып, мазмұны жан-жакты ашылған. Шетелдік және авторлардың енбектері кең зерделенген және тақырып бойынша шетелдік тәжірибе зерттелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>и я</u> ; 2) жок	Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы бар, жетілдірудің ұсынылған басымдықтары қолданбалы сипатқа ие және ШҚО депрессивті аудандарындағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды жоюға және олардағы инновациялық даму белсенділігін арттыруға бағдарланғанына негізделеді. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, ШҚО депрессивті аудандардағы инновациялық даму жағдайын авторлық

			талдау және бағалау, ең алдымен, инновациялық даму белсенділігі мәселелерін теориялық және әдіснамалық негіздеуге және практикалық шешүге бағытталған. Олар Қазақстан өнірлерінің экономикасында инновациялық қызметтің теориясы мен әдіснамасын дамытатын әрі қарайғы зерттеулер үшін бастапқы материал бола алады. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері республикалық, аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруда, сондай-ақ аймақтық кәсіпкерлік басқармаларының тәжірибесінде кеңінен қолданылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)	Зерттеу барысында аймақтың депрессивті аудандарының әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуын бағалау әдістемесі әзірленді. Аймақтың депрессивті аудандарының инновациялық даму белсенділігін арттыру перспективаларын анықтайтын ұсыныстары практикалық түргыдан жаңа болып табылады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>Жоғары</u> ; 2) Орташа; 3) Орташадан төмен; 4. Төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары, орфографиялық және стилистикалық қателер жоқ. Зерттеу жұмысы «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің ғылыми, теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары болып табылады. Сол себепті, «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған Ақишева Даны Мұратбекқызының «Жаңғырту жағдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясына оң пікір бере отырып, докторантты «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

PhD, Қазақ ұлттық хореография академиясының
«Өнертану және арт-менеджмент» кафедрасының
аға оқытушысы



А.С. Кулмаганбетова